

**Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарға жіберу қолданылмайтын алкогольизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастардың медициналық қарсы айғақтарының тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 725 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 731 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2023 № 731 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарға жіберу қолданылмайтын алкогольизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастардың медициналық қарсы айғақтарының тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 28 маусымдағы  
№ 725 қаулысымен  
бекітілген

**Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарға жіберу қолданылмайтын алкогольизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастардың медициналық қарсы айғақтарының тізбесі**

1. Шизофрения - жеке тұлғасының кемшілігі (тұрақты) бар, үздіксіз және ұстама тектес, ағымы прогрессивті түрдегі аурудың барлық нысаны (Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесі (бұдан әрі - АХЖ-10) бойынша коды F20).

2. Бас миының ауруы, зақымдануы немесе функциясының бұзылуы салдарынан тұлға мен мінез-құлықтың басқа да органикалық бұзылуы (АХЖ-10 бойынша коды F07.8), басқа бөлімдерде жіктелетін нақтыланған басқа аурулар кезіндегі деменция (АХЖ-10 бойынша коды F02.8)

3. Шизоаффектілік бұзылулар (АХЖ-10 бойынша коды F25), психоздық симптомдары бар ауыр депрессиялық эпизод (АХЖ-10 бойынша коды F32.3), психоздық симптомдары бар маниакалдық эпизод (АХЖ-10 бойынша коды F30.2), органикалық кататониялық бұзылу (АХЖ-10 бойынша коды F06.1), органикалық сандырақтық (шизофренияға ұқсас) бұзылу (АХЖ-10 бойынша коды F06.2), органикалық галлюциноз (АХЖ-10 бойынша коды F06.0), тамырлық деменция (АХЖ-10 бойынша коды F01), басқа бөлімдерде жіктелетін басқа аурулар кезіндегі деменция (АХЖ-10 бойынша коды F02), нақтыланбаған деменция (АХЖ-10 бойынша коды F03), алкогольмен немесе басқа психобелсенді заттармен байланысы жоқ органикалық амнезиялық синдром (АХЖ-10 бойынша коды F04), басқа созылмалы сандырақтық бұзылулар (АХЖ-10 бойынша коды F22.8)

4. Жеңіл, орташа және ауыр дәрежелі ақыл кемдігі (АХЖ-10 бойынша коды F7).

5. Көңіл-күйдің биополярлық аффектілік бұзылуының (АХЖ-10 бойынша коды F31) және рекуренттік депрессиялық бұзылуының ұстамалары (АХЖ-10 бойынша коды F33).

6. Органикалық галлюциноз (АХЖ-10 бойынша коды F06.0), органикалық кататониялық бұзылу (АХЖ-10 бойынша коды F06.1), органикалық сандырақтық (шизофренияға ұқсас) бұзылу (АХЖ-10 бойынша коды F06.2), делирия (АХЖ-10 бойынша коды F10.03, F10.4).

7. Ми-тамырдың басқа аурулары (АХЖ-10 бойынша коды I67), орталық нерв жүйесінің басқада анықталған зақымдануы (АХЖ-10 бойынша коды C96.8), орталық нерв жүйесінің басқада анықталмаған зақымдануы (АХЖ-10 бойынша коды G96.9).

8. Орталық нерв жүйесі туберкулезінің алшақ салдары (АХЖ-10 бойынша коды B90.0).

9. Негізінен орталық нерв жүйесін зақымдайтын жүйелі атрофиялар (АХЖ-10 бойынша кодтары G10 - G13).

10. Экстрапирамидалық және басқа қозғалыстық бұзылулар (АХЖ-10 бойынша кодтары G20 - G026).

11. Орталық нерв жүйесінің басқа дегенерациялық аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары G30 - G32).

12. Орталық нерв жүйесінің миелинсіздендіруші аурулары (кодтары G35 - G37 АХЖ - 10 бойынша).

13. Эпизодтық және ұстамалы бұзылулар (АХЖ-10 бойынша кодтары G40 - G47).

14. Полиневропатиялар мен шеткі нервiлер жүйесiнiң басқа зақымданулары (АХЖ-10 бойынша кодтары G60 - G64).

15. Декомпенсация сатысындағы эндокриндiк жүйе аурулары, тамақтану мен зат алмасуының бұзылуы (АХЖ-10 бойынша кодтары E00 - E16).

16. II-III сатыдағы НЖФ-мен омыртқаның, қабырғаның, iрi буындардың қозғалуын шектейтiн спондилопатиялар (АХЖ-10 бойынша кодтары M45 - M49).

17. Қатерлi iсiктер (АХЖ-10 бойынша кодтары C00 - C97).

18. II-III дәрежедегi қанайналым бұзылуларымен жүректiң ақауымен бiрге ревматикалық созылмалы аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары I05 - I09).

Жiтi миокард инфарктi.

20. II-III дәрежедегi қанайналым бұзылуларымен инфарктен кейiнгi кардиосклероз.

21. Жiтi миокард инфаргiнiң бiрқатар өтпелi асқынулары (АХЖ-10 бойынша коды I23).

22. Жүректiң жiтi ишемиялық ауруының басқа түрлерi (АХЖ-10 бойынша коды I24).

23. Өкпелiк жүрек пен өкпе қан айналымының бұзылуы (АХЖ-10 бойынша кодтары I26 - I28).

24. III-IV дәрежедегi ФК-мен жүрек ырғағы мен өткiзгiштiгiнiң ауыр бұзылуларымен жүректiң басқа аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары I30 - I52).

25. Жүректiң созылмалы ишемиялық ауруы (АХЖ-10 бойынша коды I25).

26. Қан қысымының жоғарылауымен сипатталатын аурулар (АХЖ-10 бойынша кодтары I10 - I15) (II - III дәрежедегi гипертониялық ауру, сондай-ақ жиi кризистiк жағдайдағы гипертониялық ауру).

27. Бас миы тамырларының ауруы (АХЖ-10 бойынша кодтары I60 - I69):

бас миы қанайналымының жiтi бұзылуы және парез, сал, афазия, атаксия құбылыстары бар бастан өткерген жiтi ми бұзылуларынан кейiнгi жағдай.

28. Артериялардың, артериолалардың және қылтамырлардың аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары I70 - I79).

29. II - III дәрежелi өкпе функциясының жетiспеушiлiгi бар төменгi тыныс жолдарының созылмалы аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары J140 - J147).

30. Асқыну, декомпенсация сатысындағы асқазан-iшек жолдарының аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары K20 - K77).

31. II - III дәрежелi органдар функциялары бұзылған дәнекер тiннiң жүйелiк зақымдану (АХЖ-10 бойынша кодтары M30 - M36).

32. II - III дәрежелi өкпе-жүрек функциясының жетiспеушiлiгi бар өкпенiң сыртқы агенттер тудырған аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары J160 - J170).

33. Декомпенсацияның орташа және ауыр дәрежесіндегі қанның, қан өндіру ағзаларының аурулары және иммундық механизмді қамтитын жеке бұзылулар (АХЖ-10 бойынша кодтары D50 - D89).

34. Бүйрек қызметінің созылмалы жеткіліксіздігі бар несеп-жыныс жүйесінің аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары N00 - N99).

35. Ауыстырылып қондырылған ағзалар мен тіндердің өлуі мен ажырауы (АХЖ-10 бойынша коды T86).

36. Туберкулездің деструктивті және бациллалы нысандарындағы туберкулез (АХЖ-10 бойынша кодтары A15 - A19).

37. Көз аурулары:

- 1) көз шарасының аурулары (АХЖ-10 бойынша коды H05);
- 2) тамырлы қабық пен торқабықтың аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары H30 - H36);
- 3) глаукома (АХЖ-10 бойынша кодтары H40 - H42);
- 4) көру нерві мен көру жолдарының аурулары (АХЖ-10 бойынша кодтары H46 - H48);
- 5) көрудің бұзылулары мен соқырлық (АХЖ-10 бойынша коды H53 - H54);

38. Декомпенсация немесе асқынулар сатысындағы ішкі органдардың туа біткен аурулары:

1) канайналым жүйесінің туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері) (АХЖ-10 бойынша кодтары Q20 - Q28);

2) тыныс алу ағзаларының туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері) (АХЖ-10 бойынша кодтары Q30 - Q34);

3) ас қорыту ағзаларының туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері) (АХЖ-10 бойынша коды Q38 - Q45);

4) жыныс ағзаларының туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері) (АХЖ-10 бойынша кодтары Q50 - Q56);

5) несеп жүйесінің туа біткен ауытқулары (даму кемістіктері) (АХЖ-10 бойынша кодтары Q60 - Q64);

6) сүйек-бұлшық ет жүйесінің туа біткен ауытқулары мен деформациялары (даму кемістіктері) (АХЖ-10 бойынша кодтары Q65 - Q79);

7) туа біткен басқа ауытқулар (даму кемістіктері) (АХЖ-10 бойынша кодтары Q80 - Q89);

39. Психиатриялық ауруханада стационарлық емдеуді талап ететін кез келген генездегі (оның ішінде есірткі заттары мен алкогольді тұтынудан туындаған) жіті психоздар\*.

40. Жедел мамандандырылған стационарлық емдеуді талап ететін алкогольге, есірткілерге немесе басқа да психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелді науқастың барлық қосалқы аурулары\*.

41. Емдеудің тазарту курсы өткізгенге дейінгі мерездің манифестік нысандары (АХЖ-10 бойынша коды А51), жаңадан пайда болған гонорея (АХЖ-10 бойынша коды А54), хламидиоз (АХЖ-10 бойынша коды А56), трихомоноз (АХЖ-10 бойынша коды А59); ауыр, атап айтқанда, асқыну сатысындағы жүйелі дерматоздар (АХЖ-10 бойынша кодтары L10 - L14, L98)\*

Ескертпе: \* 39-41-тармақтарда көрсетілген қарсы айғақтары бар алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдар тиісті мамандандырылған ем жүргізілгеннен кейін мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдарға мәжбүрлеп емдеуге жіберіледі.